

5. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv.1. F. 29. sh. 5. (In Russian)
6. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv. 1. F. 48. sh. 34. (In Russian)
7. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv. 1. F. 43. sh. 7. (In Russian)
8. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv. 1. F. 48. sh.34. (In Russian)
9. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv. 1. F. 39. sh. 34. (In Russian)
10. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv. 1. F. 39. sh. 35. (In Russian)
11. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv. 1. F. 39. sh. 23. (In Russian)
12. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv. 1. F. 40. sh. 85. (In Russian)
13. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv. 1. F. 40. sh. 78. (In Russian)
14. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv. 1. F. 40. sh. 70. (In Russian)
15. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv. 1. F. 48. sh. 53. (In Russian)
16. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv. 1. F. 48. sh. 54. (In Russian)
17. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv. 1. F. 48. sh. 56. (In Russian)
18. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv. 1. F. 48. sh. 6. (In Russian)
19. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv. 1. F. 48. sh. 67. (In Russian)
20. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv. 1. F. 26. sh. 67. (In Russian)
21. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv. 1. F. 48. sh. 22. (In Russian)
22. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv. 1. F. 48. sh. 20. (In Russian)
23. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv. 1. F. 48. sh. 21. (In Russian)
24. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv.1. F. 48. sh. 121. (In Russian)
25. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv. 1. F. 48. sh. 125. (In Russian)
26. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv. 1. F. 48. sh. 129. (In Russian)
27. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv. 1. F. 48. sh. 43. (In Russian)
28. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv. 1. F. 48. sh. 143. (In Russian)
29. **GA KO** [State Archive of Kostanay region]. F. 916. Inv. 1. F. 48. sh. 144. (In Russian)

Information about the authors:

Zhandauletov Tobol Tilegenovich – Master of Humanities, Senior Lecturer of the Department of social and humanitarian disciplines, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 47 Baitursynuly Str., tel.: 87072036311, e-mail: tobol_804i@mail.ru.*

Aliaksandr Paharely – PhD, Witold Pilecki Institute of Solidarity and Valor, Republic of Poland, 00-815 Warszawa, 82 Sienna Str., e-mail: a.paharely@instytutpileckiego.pl.

Жандаулетов Тобол Тілегенұлы – гуманитарлық ғылымдар магистрі, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 110000 Қостанай қ., Байтұрсынұлы көш. 47, тел.: 87072036311, e-mail: tobol_804i@mail.ru.*

Александр Погарельй – PhD, Витольд Пилецкий атындағы Ынтымақтастық және ерлік институты, Польша Республикасы, 00-815 Варшава қ., Сиенна көш. 82, e-mail: a.paharely@instytutpileckiego.pl.

Жандаулетов Тобол Тилегенович – магистр гуманитарных наук, старший преподаватель кафедры социально-гуманитарных дисциплин, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Республика Казахстан, 110000 г. Костанай, ул. Байтұрсынұлы 47, тел.: 87072036311, e-mail: tobol_804i@mail.ru.*

Александр Погарельй – PhD, Институт солидарности и мужества имени Витольда Пилецкого, Республика Польша, 00-815 г. Варшава, ул. Сиенна 82, e-mail: a.paharely@instytutpileckiego.pl.

XFTAP 03.20

ӨОЖ 433.93/94

<https://doi.org/10.52269/SRDG2611218>

ӘБІЛҒАЗЫНЫҢ «ШЕЖІРЕ-И ТАРАКИМЕ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТҰРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН ШАРУАШЫЛЫҚ НЕГІХДЕРІ: ТАРИХИ-ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Ташқараева Ә.М. – PhD, Ғылым бөлімінің жетекшісі, Қазақ ұлттық спорт университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.*

Мақалада Әбілғазының «Шежіре-и Таракиме» еңбегінде көрініс тапқан түркі халықтарының тұрмыстық жағдайы мен шаруашылық негіздеріне тарихи-деректанулық тұрғыдан талдау жасалды. Зерттеу барысында деректегі көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтына

негізделген шаруашылық құрылымдар, әлеуметтік және экономикалық қатынастар, сондай-ақ, күнделікті тұрмыс мәліметтері талданып, жүйеленді. Шығармада жазылған шаруашылыққа қатысты мәліметтер сол кезеңдегі тарихи жағдай тұрғысынан қарастырылып, олардың ортағасырлық түркі қоғамының даму ерекшеліктерімен сабақтастығы анықталды. Сонымен қатар, «жұрт», «көші-қон кеңістігі», «әскери олжа», «салық тетіктері» секілді ұғымдардың мазмұны талданып, олардың экономикалық ұйымдасу мен билік құрылымындағы орны көрсетілді. Зерттеу барысында еңбектің жазылған кезеңі мен авторлық ұстанымының дерек мазмұнына ықпалы да назарға алынды. Әбілғазының шығармасы XVII ғасырда жазылуы онда келтірілген мәліметтердің белгілі бір дәрежеде сол дәуірдің саяси-идеологиялық талаптары мен мен шежірелік дәстүрінің ықпалымен берілгенін көрсетеді. Осыған байланысты, дерек мәтіндегі тарихи мәліметтердің интерпретациялық сипаты ескеріліп, олардың шынайылық деңгейін анықтауда деректанулық сын тәсілдері қолданылды. Сонымен қатар, дерек мәліметтері басқа ортағасырлық жазба ескерткіштермен салыстырылып, олардың өзара толықтырушы сипаты анықталды. Зерттеу нәтижелері ортағасырлық түркі қоғамының әлеуметтік-экономикалық құрылымын түсіндіруге және дала өркениетінің шаруашылық эволюциясын жаңа қырынан пайымдауға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: «Шежіре-и Таракиме» шығармасы, түркі халықтары, түркі өркениеті, ортағасырлық тарих, түркі қоғамының тұрмысы.

БЫТОВЫЕ УСЛОВИЯ И ХОЗЯЙСТВЕННЫЕ ОСНОВЫ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ В ПРОИЗВЕДЕНИИ АБУЛГАЗИ «ШЕЖЕРЕ-И ТАРАКИМЕ»: ИСТОРИКО-ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Ташкараева А.М. – PhD, сеньор-лектор, руководитель отдела науки, Казахский национальный университет спорта, г. Астана, Республика Казахстан.*

В статье рассматриваются бытовые условия и хозяйственные основы тюркских народов, отраженные в произведении Абулгази «Шежире-и таракиме». На основе историко-источниковедческого подхода анализируются сведения источника о хозяйственных структурах, социально-экономических отношениях и особенностях повседневной жизни, характерных для кочевого и полукочевого общества. Данное произведение интерпретируется с учетом исторической ситуации соответствующей эпохи. Это позволило выявить связь с развитием средневекового тюркского общества. Особое внимание уделяется таким понятиям как «журт», «миграционное пространство», «военная добыча», «налоговые механизмы», а также их роли в системе экономической организации политической власти. Показана значимость содержания произведения для изучения традиционной хозяйственной системы и повседневной жизни тюркских народов. В исследовании также учитывается влияние времени написания труда и авторской позиции на содержание источника. Поскольку сочинение Абулгази было написано в XVII веке, события, изложенные в нем рассматриваются с учетом политико-идеологических условий эпохи и традиции генеалогического повествования. Это позволяет выявить интерпретационный характер ряда сведений и обуславливает необходимость применения методов источниковедческой критики при оценке их достоверности. Кроме того, данные произведения сопоставляются с другими средневековыми письменными памятниками. Это позволило определить их взаимодополняющий характер. Полученные результаты позволяют уточнить представления о социально-экономической структуре средневекового тюркского общества и поновому осмыслить эволюцию хозяйственной системы степной цивилизации.

Ключевые слова: произведение «Шежире-и таракиме», тюркские народы, тюркская цивилизация, средневековая история, быт тюркского общества.

EVERYDAY LIFE AND ECONOMIC FOUNDATIONS OF TURKIC PEOPLES IN ABU AL-GHAZI'S SHAJARA-I TARĀKIMA: A HISTORICAL AND SOURCE-STUDYING ANALYSIS

Tashkarayeva A.M. – PhD, Senior Lecturer, Head of the Department of Science, Kazakh National University of Sport, Astana, Republic of Kazakhstan.*

The article examines the living conditions and economic foundations of Turkic peoples as reflected in Abu al-Ghazi's historical work "Shajara-i Tarākima". Using a historical and source-studying approach, the study analyses information contained in the source concerning economic structures, socio-economic relations, and features of everyday life characteristic of nomadic and semi-nomadic societies. The data presented in the work are interpreted within the historical circumstances of the period, enabling to reveal their connection with the development of medieval Turkic society. Particular attention is paid to concepts such as "zhurt", "spatial organization of migrations", "spoils of war", and "taxation mechanisms", as well as their role in the system of economic organization and political authority. The study also highlights the importance of the source for understanding the traditional economic system and daily life of Turkic peoples.

The study also takes into account the influence of the time of writing and the author's perspective on the content of the source. Since Abu al-Ghazi's historical work was written in the seventeenth century, the events described in it are examined in the context of the political and ideological conditions of the period and the tradition of genealogical narrative. This helps to identify the interpretative nature of certain historical accounts and underlines the necessity of applying methods of source criticism in assessing their reliability. In addition, the information contained in the work is compared with other medieval written sources, which allows their complementary character to be revealed. The findings contribute to a clearer understanding of the socio-economic structure of medieval Turkic society and provide a new perspective on the evolution of the economic system of the steppe civilization.

Key words: *Shajara-i Tarākima, Turkic peoples, Turkic civilization, medieval history, daily life of Turkic society.*

Кіріспе. Көшпелі және жартылай көшпелі түркі қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуын, тұрмыстық ерекшеліктері мен шаруашылық негіздерін зерттеу түркі халықтарының тарихи болмысын түсінуде маңызды орын алады. Осы тұрғыдан алғанда, Әділғазының «Шежіре-и Таракиме» еңбегі түркі халықтарының тұрмысы, шаруашылық жүйесі мен әлеуметтік қатынастары жөнінде ішкі көзқарасқа негізделген құнды мәліметтерді қамтитын дереккөз ретінде маңызға ие. Шығарма мәтінін тарихи-деректанулық тұрғыдан талдау түркі қоғамының экономикалық құрылымы, кеңістік мобильдік жүйесі және күнделікті өмір ұйымдасуының ішкі заңдылықтарын ғылыми негізде пайымдауға мүмкіндік береді.

Түркі ру-тайпаларының шаруашылығы, тұрмысы жазылған ғылыми зерттеулер негізінен XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басына жатады. Бұл кезеңдегі зерттеушілердің еңбектері жалпылама сипаттау және шолу түрінде берілді. Дегенмен, олар түркі ру-тайпаларының тұрмысы, шаруашылығы, олардың әлеуметтік өмірі мен экономикалық жағдайы алғаш қарастырылған еңбектер еді. XIX ғасырдың басында зерттеушілер түркі ру-тайпаларының шаруашылығы мен тұрмыс жағдайын дербес зерттеу нысаны емес, іргелі еңбектердің құрамдас бөлігі ретінде қарастырды. Араб-парсы деректері, археологиялық және этнографиялық деректер, ауызша дәстүрлер негізінде зерттеу жасаған бірқатар ғалымдар түркі ру-тайпаларының тұрмыстық жағдайы мен шаруашылық негіздерін ішінара қарастырды.

Бұл зерттеушілердің қатарынан Ш.Уәлихановтың іргелі зерттеулерін ерекше атап көрсетуге болады. Ол далалық тұрмыс пен көшпелі өмірді көзімен көрген, даму ерекшеліктерін білетін ғалым еді. Сол себепті, көшпелі өмірді отырықшылықпен тарихи тұрғыда салыстыра білді, сол арқылы көшпелі қоғамның өзіндік ерекшеліктерін көрсете алды. Ш.Уәлихановтың пікірінше, көшпелі өмір салтын ұстанушылардың бір аймақтан екінші аймаққа үздіксіз қоныс аударып отыруы ұрпақтардың өзара алмасуына әкелді, бұл өз кезегінде жалпы қозғалыс үдерісін қалыптастырып, өмір салтының біршама өзгерістеріне әкелді [1]. Сондай-ақ, В.В. Радловтың зерттеулерінде шаруашылықтың табиғатқа негізделуін, табиғи ортаның халықтың тұрмыс жағдайына әсерін, көшпелілік өмірге бейімделген халықтың әлеуметтік-саяси ұйымдарының формаларын қарастырды. Ол көшпелілердің әлеуметтік құрылымы мен құқықтық негіздерінің отырықшы халықтардан айтарлықтай айырмашылығын атап өтті [2].

XIX ғасырдың бас кезеңінде хиуалық тарихшылар Мунис пен Агехидің Хиуа хандығының саяси тарихына арналған іргелі еңбегі жазылды. Олар Хиуа хандығының тарихын жазуда қазақтар, қарақалпақтар және басқа да іргелес халықтар туралы тарихи-этнографиялық мәліметтер келтіреді. Сонымен қатар, әлеуметтік-экономикалық сипаттағы мәселелерге басымдық берді. Атап айтқанда, Орта Азиядағы қалалардың пайда болуы мен олардың құлдырауының себептері, жаңа сауда жолдарының пайда болуы, салық жүйесі және жаңа салықтардың енгізілуі, жерге ие болу құқықтары, көші-қон секілді мәселелерді қамтыды [3, б. 7].

XX ғасырдың бас кезеңінен түркі халықтарының тұрмыстық жағдайы мен шаруашылығы жаңа әдіснамалық деңгейде зерттеле бастады. Мәселен, А.Ю.Якубовский түркі халықтарының тұрмыс деңгейі мен шаруашылық түрлерін арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырып, экономикадағы көшпелі мал шаруашылығының артықшылықтарына аса мән берді [4]. Ал, В.В. Бартольд түркі халықтарының тарихын бірнеше мыңжылдықтар бойы қалыптасқан күрделі процесс ретінде бағамдап, олар тілі бойынша туыс халықтар болғанымен, шаруашылық негіздері әр түрлі деп атап көрсетті. Оның пікірінше, бұл халықтар саяси және әлеуметтік тұрғыда, мәдениетінде кем дегенде екі мыңжылдық даму жолынан өткен [5].

Л.Н. Гумилев түркі халықтарының өмірінде көшпелі мал шаруашылығымен қатар, аң аулаудың да аса маңызға ие екенін атап көрсетті. Оның пікірінше, Орта Азия мен Гобби-Алтай өңірлерінің шөлейтті кеңістігінде аңшылық бүкіл тайпаларды қамтыған ұжымдық кәсіпке айналған. Сол арқылы халықтардың әскери дағдыларының қалыптасуына ықпал етті [6]. Бұл тұжырым көшпелі қоғамдағы шаруашылық қызметтің көпқырлы сипатын, оның тек экономикалық емес, сонымен өатар, әлеуметтік және әскери мәнге ие болғанын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, түркі халықтарының тұрмысы мен шаруашылық жүйесін кешенді түрде қарастыру, әсіресе, төл ортағасырлық жазба деректер негізінде талдау өзекті болып табылады.

Аталған зерттеулер көшпелі қоғамның шаруашылық жүйесін әр қырынан сипаттағанымен, олардың басым бөлігінде бұл мәселе сыртқы бақылау мен жалпылама пайымдаулар деңгейінде

қарастырылды. Сондықтан, көшпелі түркі қоғамының тұрмысы мен шаруашылық тәжірибесін ішкі көзқарас тұрғысынан, яғни төл ортағасырлық жазба деректер негізінде кешенді талдау қажеттігін нақтылай түседі.

Осыған орай, жұмыстың **мақсаты** – Әбілғазының «Шежіре-и Таракиме» шығармасындағы мәліметтер негізінде түркі халықтарының тұрмыстық жағдайы мен шаруашылық негіздерін тарихи-деректанулық тұрғыдан талдау және олардың әлеуметтік-экономикалық құрылымына әсерін қарастыру. Аталған мақсатқа жету үшін «Шежіре-и Таракиме» еңбегіндегі тұрмыс пен шаруашылыққа қатысты деректерді жүйелеп, көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық түрлерінің ерекшеліктерін анықтау, түркі қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың сипатын көрсету, сондай-ақ, еңбектің түркі халықтарының дәстүрлі тұрмысы мен шаруашылығын зерттеудегі тарихи-танымдық маңызын айқындау **міндеттері** көзделеді.

Материалдар мен әдістер. Мақалада «Шежіре-и Таракиме» шығармасындағы түркі халықтарының тұрмыстық жағдайы мен шаруашылық негіздеріне қатысты мәліметтер басты назарға алынды. Материалдарды зерделеу барысында ортағасырлық авторлардың еңбектерімен қатар, түркі халықтарының тұрмысы мен шаруашылығын зерттеуге арналған атандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Сонымен қатар, ғылыми-ақпараттық дерекқорлар мәліметтерін қолдана отырып, тарихи-деректанулық, салыстырмалы-тарихи және жүйелілік талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талдау. «Шежіре-и Таракиме» шығармасында көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтына тән шаруашылық түрлері, әлеуметтік иерархия, басқару жүйесі, салық салу тетіктері, көшіп-қону аумақтары мен маусымдық жайылымдар, сондай-ақ жылқы шаруашылығы мен аңшылықтың қоғам өміріндегі орны жан-жақты баяндалады. Сондай-ақ, Еуразия даласын мекендеген түркі халықтарының қоғамдық құрылымы белгілі бір әлеуметтік иерархия негізінде ұйымдастырылғаны, мемлекеттік басқару жүйесінде салық жүйесі мен әскери олжалар арқылы қалыптасатын кіріс көздерінің маңызды рөл атқарғаны баяндалады. Еңбекте әскери жорықтар мен жаулап алу әрекеттері нәтижесінде бағындырылған аумақтарға әкімшілік бақылау орнату мақсатында даруғалар тағайындалып, жергілікті халықтан тұрақты түрде салық жиналғаны көрсетіледі. Сонымен қатар, билеушілер, бектер, жабғулардың отырықшы халықтармен тығыз байланыста болып, бекітілген қалалардағы резиденцияларда өмір сүруі көшпелі және отырықшы өмір салтының өзара ықпалдастығын айқындайды.

Дала өркениетінің негізгі ерекшеліктерінің бірі – ел мен жердің өзара байланыста болуы. Отырықшы халық үнемі жерге тәуелді болады. Ал, көшпелі қоғам керісінше, жерге тәуелді емес, олардың құзырында кеңістік болды. Өмір сүру салты көшпелі дәстүрмен сабақтастықта дамыды. Дала өркениетіндегі рухани құндылықтар түркі халықтарының саяси-әлеуметтік жүйесімен тығыз байланыста болды. Қоғамдағы рулық құрылым көшпелі өмірге барынша бейімделіп, мемлекеттің ішкі және сыртқы дамуына тікелей әсер етті.

Көшпелі өмір салтында негізінен көшпелі мал шаруашылығынан бастап, жер өңдеу, қалалар мен қоныстар салу секілді мәдени-шаруашылықтың түрлері дамыды. Яғни, дала өркениеті далалық тұрмыспен тығыз байланыста дамып отырды. Ол қола дәуірінен бастап, сақ тарихи-мәдени қауымдастығы кезеңінде орнығып, түркі мемлекеттерінде одан әрі дами түсті. Көшпелі тұрмыс уақыт пен кеңістік жағынан жоғары деңгейлі сабақтастық сипатына ие болды [7, б. 5].

Академик Б.Көмеков түркі ру-тайпаларының шаруашылығының негізі көшпелі мал шаруашылығы болғанымен, кейбір бөлігі егіншілікпен айналысып, отырықшылық өмір сүрді дейді. Көшпелі тайпалардың жайылымдарының негізгі орындары мен көші-қон бағыттары көпғасырлық тәжірибенің негізінде қалыптасқан. Көші-қонның бағыттары жылдар бойы өзгеріссіз қала берді, алайда, саяси себептерге немесе әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты өзгеріп отырды.

Сонымен қатар, түркілерде әлеуметтік-таптық тұрғыда теңсіздік болған. Теңсіздіктің негізі малдың санымен өлшеніп отырған, яғни малға жеке меншіктің болуы олардың әлеуметтік жағдайын айқындаған. Бұл жағдай билік қатынастары мен әлеуметтік таптың қалыптасуына негіз болды [8].

Әбілғазы шығармасында түркі халықтарының көші қоны туралы жазғанда, мал шаруашылығына байланысты және саяси-экономикалық себептерге байланысты халықтардың көші-қоны туралы жазады. Онда халықтардың белгілі бір қоныстану территориясына жұрт терминін қолданады. «Түрік шежіресінің» тезаурус сөздігінде жұрт сөзіне тұрақты мекендейтін жер деген анықтама берілген [9, б.42]. Ал, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «жұрт» сөзі тұтас бір ел немесе патшалық, мемлекет мағынасында, сондай-ақ, қазақ қоғамындағы жайлау, қыстау секілді ұғымды білдіретін жайылымдық жер ретінде де түсіндіріледі [10, б. 135].

Жалпы, XIII ғасырдан бастап Орта Азия мен Иранда бұл термин тұтас бір халықтың немесе тайпаның көшіп-қонатын жері мағынасында қолданыла бастаған. Осыған орай, Әбілғазы бұл сөзді мағынасына қарай мемлекет, ел ұғымы ретінде қолданса, кейде жайылымдық жер мағынасында қолданып отырған. Мысалы, оғыздардың жайылымдық жерлері туралы сипаттап жазуда былай дейді: «Оғыз елінің жұрттарының шығысы – Ысығ көл және Алмалық, құбыласы б – Сайрам, Қазығұрт тауы, Қаражық тауы, темірқазығы – Ұлықтау, Кішіқтау – мыс кені еді, күнбатысы – Сыр суының аяғы, Иаңакент, Қарақұм. Осы айтылған жерлерде төрт мың, бес мың жыл отырды, қайсы ру көп болса, содан падишаһ көтерді» [11, б. 56]. Тағы бір мәліметінде: «Оғыздар көшіп-қонбаған және жүрмеген жер бар ма, олар өз шатырын тігіп, өмір сүрмеген жұрт бар ма?» деген ел аузында кеңінен таралған

мәліметті келтіре отырып, жұрт сөзін қоныс ретінде қолданады [11, б.68]. яғни, жұрт сөзі белгілі бір аумақты қамтитын аймақ ретінде көрсетілген. А. Кононовтың пікірінше, бұл сөз жүру етістігінен шыққан [11, б. 79], яғни көшпеліліктің негізгі шарты қозғалыста болу ұғымымен сәйкестігін ескерсек, бұл жайылымдық жерді белгілейтін аумақ деген тұжырымға келуге болады. Демек, жұрт сөзі – шаруашылықтың түріне қарай көшіп-қонатын белгілі бір аумақтағы территорияның атауы.

Түркі халықтарының қоныс ауыстыруы тек жайылымдық жерлерде қозғалыс үрдісімен ғана емес, басқа да саяси-әлеуметтік және экономикалық себептерге байланысты болды. Мәселен, жаулап алушылардың ығыстыруынан, ішкі қайшылықтардан немесе қуаңшылық пен табиғи апаттардың салдарынан халық өздерінің дәстүрлі қоныстарын тастап, мәжбүрлі түрде ауыстырып отырды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, көшпеліліктің негізгі шарты – қозғалыста болуы себепті, көшпелілерде жылқы ерекше маңызға ие болды. Бұл жағдайды Әбілғазының еңбегінен де көруге болады. Автордың жазуынша, күн хан Оғыз ханның алты ұлының некелі әйелдерінен туған немерелерін он екі жүздіктен екі қанатқа бөліп орналастырып, некесіз туған немерелерді ат ұстаушы ретінде осы қанаттарға орналастырғанын жазды [11, б. 51]. Яғни, оғыздарда ат ұстауға үлкен мән беріліп, бұл істі өз ұрпақтарына ғана сеніммен тапсырылған. Оғыздар жаугершілік кездерде ат үстінде жүрді, атты баптауды жақсы меңгерді, қадіргі кісіге ат сыйлау дәстүрі болды. Яғни, олар үшін жылқы әскери күштің, әлеуметтік беделдің, экономикалық тұрақтылықтың негізгі тірегі болды. Себебі, оғыздардың әлеуметтік жағдайы да жылқы санымен өлшенді. Жылқыны қасиетке балап, тотемдік белгілеріне пайдаланды. Мысалы, оғыздардың алқаойлы тайпасы өздерінің тотемдік белгілері ретінде пырақты белгілеп, жылқыға тіпті мифологиялық бейне берген. Бұл туралы И. Дурмуш түркілердің атқа міну мәдениеті ерте қалыптасып, ат өсіру, атпен соғыс жүргізу, атқа қатысты салт-ғұрыптардың көне дәуірлерден орныққанын археологиялық және жазба деректермен байланыстыра түсіндіреді [12, б. 9].

Оғыз эпикалық дәстүрі көрініс тапқан Қорқыт ата кітабында жылқы батырлықтың ажырамас бөлігі ретінде сипатталады. Яғни, жылқы бейнесі қорғаушы, жолсерік, рухани демеуші сипатымен беріледі. К. Өзкул түркі әдеби-мифологиялық дәстүрінде жылқы – ер қанаты ретінде қабылданатынын, оның уақыт, ғарыштық тәртіп, ерлік-дәстүрлі құндылықтармен ұштасқан тұрақты символ екенін жазды [13, б. 18]. Түркілердің әскери өмір, әлеуметтік мәртебе, сый-сыяпат, салт-дәстүр, мифологиялық бейне секілді жылқыға қатысты құндылықтар жүйесі бір ғана көлік немесе мал шеңберінен шығып, тұтас мәдени-экономикалық институт деңгейінде қалыптасқанын қазіргі еңбектер де нақтылап отыр.

Адамзат тарихындағы ең көне күнкөріс түрлерінің бірі саналатын аңшылық кейінгі кезеңдерде оғыздарда маңызды шаруашылық қызметінің бірі ретінде сақталған. Әбілғазының деректері бойынша, көшпелі қоғамында аңшылық жоғары мәнге ие болды. Мәселен, Оғыз хан шапқыншылықтардан тыс уақытта аңшылыққа шығып, саят құрғанын жазады. Бұл туралы С. Агаджанов IX-XI ғғ. оғыздардың аңшылықпен күн көріс үшін айналысқанын жазды. Бұл тұжырымын негіздеуде Әбілғазының аң аулау – аз қамтылған және тұрмысы төмен отбасылар үшін маңызды болды деген мәліметін назарға алды [11, б. 65].

Оғыз тайпаларында қолөнер өндірісінің бірнеше түрі жақсы дамыды, өнімдерін сатылымға шығарып, кәсіп түріне айналдырған. С.Агаджановтың зерттеуі бойынша, оғыздар мен түрікмендердің тұрмыстық өмірі мен экономикасында айырбас пен сауда маңызды орынға ие болды. Өнім қажеттілігі мен тауар айырбасы мақсатында көшпелі түркі тайпалары отырықшы халықпен тығыз байланыста болды [14, б. 99].

Әбілғазының шығармасында әскери жорықтар тек саяси үстемдікті нығайтудың құралы ғана емес, сонымен қатар шаруашылық ресурстарды қайта бөлудің маңызды тетігі ретінде көрініс табады. Деректе түрікмендерге және өзге тайпаларға қарсы ұйымдастырылған жорықтардың негізгі мақсаттары ретінде бағындыру және олжа табу деп көрсетіледі. Бұл жағдай ортағасырлық көшпелі қоғамда әскери әрекеттің экономикалық мазмұнға ие болғанын айғақтайды. Елдің кедейленуі жағдайында олжа – қару-жарақ, мал, азық-түлік, құлдар мен күндер – хан мен оның жасағы үшін табыс көзіне айналған. Осы деректер көшпелі шаруашылық жүйесінде әскери фактордың материалдық игіліктерді иелену мен қайта бөлудегі рөлін айқындайды [15, б. 105]. Сонымен қатар әскери олжа қарсыластың «әскери әлеуетін» әлсіретудің амалы ретінде сипатталады, бұл көшпелі қоғамдағы экономикалық және әскери құрылымдардың өзара тығыз байланысын көрсетеді. Қару-жарақ пен малды иелену тек тұрмыстық қажеттіліктерді қамтамасыз етумен шектелмей, саяси үстемдікті бекітудің құралы қызметін атқарған. Жоғарыда атап өткеніміздей, шығармада көші-қон үдерістерінің бірқатары экономикалық себептермен түсіндіріледі. Түркиялық зерттеуші Х. Кахья Әбілғазының еңбегіне сүйене отырып, түркі тайпаларының көші-қон тарихын кешенді түрде қарастырды. Автор деректе сипатталған миграциялық қозғалыстардың себептерін талдай келе, олардың саяси, әскери және экономикалық факторлармен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Әсіресе жорықтар, шапқыншылықтар мен саяси тұрақсыздық жағдайында тайпалардың жаңа қоныстар іздеуге мәжбүр болғаны айқындалады.

Миграциялық үдерістер табиғи апаттар, ашаршылық, соғыс, билік үшін күрес және әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар сияқты қолайсыз факторлармен қатар, шаруашылық жүйенің әлсіреуімен де түсіндіріледі. Көшпелі қоғам жағдайында мал шаруашылығы негізгі тіршілік көзі болғандықтан, жайылымдық кеңістіктің тарылуы немесе экономикалық мүмкіндіктердің шектелуі тайпаларды жаңа аймақтарға көшуге итермелеген. Осы тұрғыдан алғанда, автор экономикалық және шаруашылық

жағдайдың өзгеруі көші-қон қозғалыстарының басты себептерінің бірі болған деген қорытындыға келеді [16].

Әбілғазының шығармасының мәтінінде шаруашылық қиындықтарын бастан кешірген адамдардың өздерінің дәстүрлі мекендерін тастап, қолайлы жағдай іздеп басқа аймақтарға қоныс аударғаны көрсетіледі. Мысалы, ағайынды Хызыр шора мен Әли шораның қоныс аударуы экономикалық уәждермен байланысты сипатталады. Олар жаңа қоныстарын кеңейтіп, шаруашылық негіздерін нығайту арқылы өз өңірінің дамуына ықпал еткен. Еңбекте Әли шораның Әмударияның бойында қоныстанғаны, оның қасына көршілес аймақтардағы кедейленген өзбектер мен түрікмендердің тұрмыс жағдайын жақсарту мақсатында келіп қосылғаны жазылған. Әли шораның қонысы кеңейіп, әлеуметтік және тұрмыстық жағдайының жақсарғаны соншалық, осы аймақ Әли елі деп атала бастады [11, б. 76]. Сонымен бірге Әбілғазы баяндауында Сырдария алабы, Еділ-Жайық өңірі, Алмалық, Сайрам, Талас (Тараз), Иангикент секілді қалалардың аталуы кездейсоқ емес. Бұл географиялық нүктелер көшпелі ру-тайпалардың қозғалыс аймағын ғана емес, олардың отырықшы-егіншілік орталықтармен тұрақты экономикалық байланысын да көрсетеді. Аталған қалалар ортағасырлық кезеңде сауда мен қолөнердің дамыған орталықтары болғаны белгілі. Сондықтан мұндай қалалардың болуы оғыз-түрікмен тайпалары үшін экономикалық тұрақтылықтың тірегі қызметін атқарған. Көшпелілер қалалық нарықпен, айырбас жүйесімен және өндірістік орталықтармен тығыз байланысты әлеуметтік-экономикалық субъектілер болған [17]. Әбілғазының еңбегінде оғыз тайпаларының шаруашылық тіршілігі, малға негізделген экономикалық құрылымы және айырбас қатынастары туралы нақты деректер келтіріледі. Мәтінде көшпелі тайпалардың отырықшы аймақтармен байланысы, сауда жолдарына қатысуы және өнім алмасу тәжірибесі көрсетіледі [18, б. 148]. Себебі, көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан халықтың астық, металл бұйымдары, қыш ыдыстар, қару-жарақ, сәндік заттар секілді тұрмыстық және шаруалық істерге арналған бұйымдарға қажеттіліктері болды. Бұл тауарларды олар отырықшылар мен қалалардан сауда арқылы алып отырды, ал өз кезегінде көшпелілер мал мен мал өнімдері, жылқы секілді қажеттіліктермен қамтамасыз етті. Осылайша дала мен қала арасындағы байланыс өзара тиімді сипатта қалыптасты. Көшпелілер мал шаруашылығын, ал қалалықтар егіншілік пен қолөнерді дамыта отырып, бір-бірінің шаруашылық құрылымына кедергі келтірмей, керісінше өзара толықтырып отырды. Мұндай экономикалық симбиоз ортағасырлық түркі қоғамының тұрақтылығын қамтамасыз етіп, өңіраралық сауда желілерінің қалыптасуына негіз болды.

Біздің заманымызға дейін екінші мыңжылдықтың аяғында Еуразияның Ұлы даласының көшпелі мал шаруашылығына өтуі далалық қоғам дамуында түбегейлі бетбұрысқа алып келді. Бұл дәуірде қоғамдық және материалдық мәдениеттің даму деңгейінде маңызды өзгерістер орын алып, ол Дала өркениетінің дамуына негіз болды. Дала өркениеті мемлекеттіліктің өзіндік ерекшелігін қалыптастыруға және көшпелі мемлекеттердің қалыптасуына әкелді. Ғасырлар бойы көшпелі мемлекеттілік дәстүрі қалыптасты. Ол саяси басқаруда, экономикалық және рухани-мәдени өмірде, адамгершілік пен тәртіп нормаларында орын алды. Қазақстан аумағында ежелгі және ортағасырлық дәуірде Қазақ хандығы құрылғанға дейін 18 көшпелі мемлекет мұрагерлік байланыста өмір сүрген. Қазақ хандығы 4 ғасырға жуық дәуірде маңызды рөл атқарды, өз саясатын жүргізді, мемлекет пен халықтың бірлігін нығайтты. Мемлекеттің негізінде қазақ халқы бірігіп, оның этникалық аумағы қалыптасты, қазақтың өмірлік, рухани және материалдық мәдениеті дамыды.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері көшпелі түркі қоғамының тұрмысы мен шаруашылық жүйесі қарапайым күнкөріс үлгісі емес, табиғи ортаға бейімделген, ішкі заңдылықтары қалыптасқан күрделі әлеуметтік-экономикалық құрылым болғанын айқындайды. Көшпелі өмір салты қозғалысқа, маусымдық кеңістікке және шаруашылық қызметтің әртүрлі формаларына негізделіп, қоғамның әлеуметтік иерархиясын, басқару тетіктерін және мәдени құндылықтарын көрсетеді. Түркі қоғамының тұрмысы мен шаруашылық тәжірибесін ішкі көзқарас тұрғысынан зерделеу дала өркениетінің тарихи рөлін, оның мемлекеттілік, әлеуметтік ұйым және мәдени сабақтастық үдерістеріндегі маңызын терең түсінуге жағдай жасайды. Осы тұрғыдан алғанда, мұндай зерттеулер түркі халықтарының тарихи мұрасын ғылыми тұрғыда жаңаша пайымдауға және қазіргі гуманитарлық ғылымдардағы көшпелілік мәселесіне қатысты көзқарастарды толықтыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **Радлов В.В. К вопросу об Уйгурах** [Текст] / В.В. Радлов. Приложение к 72 тому Записок Императорской Академии наук №2. – Санкт-Петербург, 1893. – 130 с.
2. **Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений** [Текст]: в 5 т. / Ч.Ч. Валиханов – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. – Т. 1. – 432 с.
3. **Мунис ва Огоҳий. Фирдавс ул-иқбол** [Мәтін] / Мунис ва Огоҳий – Тошкент: Янги аср авлоди, 2010. – 520 б.
4. **Якубовский А.Ю. Развалины Сыгнака (Сугнака)** [Текст] / А.Ю. Якубовский // Сообщения Гос. Академии истории материальной культуры. Т. 2. – Ленинград, 1929. – С. 123–159.
5. **Бартольд В.В. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии** [Текст] / В.В. Бартольд – М.: Изд-во вост. лит., 1968. – Т. 5. – 758 с.

6. Гумилев Л.Н. **Сочинения: Тысячелетие вокруг Каспия** [Текст] / сост. А.И. Куркчи. – М.: Ди-Дик, 1998. – 592 с.
7. Көмеков Б.Е. **Ұлы дала өркениетінің құндылықтары туралы** [Мәтін] / Б.Е. Көмеков // XXI ғасырдағы ұлттық тарихи сана және қоғамның жаңғыруы: респ. ғыл.-практ. конф. Материалдары – Алматы, 2019. – 4–7 бб.
8. Көмеков Б.Е. **Тарихымыз – тұңғыық** // Егемен Қазақстан. – 2015. – №192 (8 қазан). – б. 9. – [Электронды ресурс] URL: <https://egemen.kz/article/180496-alemdik-orkeniet-qalyptasuyn-daghy-uly-dalany-nh-alatyn-orny> (жүгінген күні 21.01.2026).
9. Мамырбекова Г., Сейтбекова А. **Әбілғазы баһадүр ханның «Түркі шежіресінің» тезаурус сөздігі** [Мәтін] / Г. Мамырбекова, А. Сейтбекова – Алматы: Фирма Орнак, 2013. – 480 б.
10. **Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі)** [Мәтін] / құраст. Н. Уәли, Ш. Құрманбайұлы, М. Малбақов және т.б. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 1488 б.
11. Кононов А.Н. **Родословная туркмен: сочинение Абу-л-Гази хана хивинского.** [Текст] / А.Н. Кононов – М.; Л.: Издательство АН СССР, 1958. – 285 с.
12. Durmuş İ. **Türk kültür çevresinde at** // Asya Araştırmaları Uluslararası Sosyal Bilimler Dergisi. – 2021. – Cilt 5. – Sayı 1. – S. 1–12. – [Elektronik kaynak] URL: <https://dergipark.org.tr/tr/pub/asyar/article/941118> (жүгінген күні 21.01.2026).
13. Özkul, K. **The Horse in Turkish Mythology, Ahal-teke and Hyotherapy Methods** // İnsan ve Sosyal Bilimler Dergisi. – 2025. – 8(1). – P. 1–25. – [Elektronik kaynak] URL: <https://dergipark.org.tr/tr/pub/johass/article/1591641> (жүгінген күні 21.01.2026).
14. Агаджанов, С.Г. **Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв.** [Текст] / С.Г. Агаджанов. – Ашхабад, 1969. – 297 с.
15. Tashkaraeva A.M., Abdykulova G., Smakhanova J.S. **Continuity of traditions in the spiritual culture of turkic peoples in medieval states (according to Shajara-i Tarakime data)** [Text] / A.M. Tashkaraeva, G. Abdykulova, J.S. Smakhanova // Bulletin of the Karaganda University. History. Philosophy Series. – 2024. – Vol. 29. – No. 1 (113). – P. 104–110. DOI: <https://doi.org/10.31489/2024hph1/104-110>.
16. Kahya H. **The ethnocultural and sociological analysis of migrations documented in Shajara-i Tarākima (Turkmen genealogy)** [Text] / H. Kahya // Humanities and Social Sciences Communications. – 2024. – Vol. 11. – Article 638. DOI: <https://doi.org/10.1057/s41599-024-03148-5>.
17. Ташкараева А.М., Альдибаева А.Б. **Шежіре-и Таракиме шығармасындағы ортағасырлық мемлекеттерге қатысты жер-су деректерінің берілуі** [Мәтін] / А.М. Ташкараева, А.Б. Альдибаева // Қарағанды университетінің хабаршысы. «Тарих. Философия» сериясы. – 2024. – 29-том. – № 2 (114). DOI: <https://doi.org/10.31489/2024HPh2/174-186>.
18. Көмеков Б.Е., Ташқараева Ә.М. **Шежіре-и Таракиме шығармасындағы ауызша тарих дәстүрі: деректемелік талдау және тәпсірлеу мәселелері** [Мәтін] / Б.Е. Көмеков, Ә.М. Ташқараева // edu.e-history.kz электрондық ғылыми журналы. – 2022. – № 2 (30). – Б. 146–157. DOI: https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_30_2_146-157.

REFERENCES:

1. Radlov V.V. **K voprosu ob Ujgurah. Prilozhenie k 72 tomu Zapisok Imperatorskoj Akademii nauk №2** [On the issue of the Uyghurs. Appendix to Vol. 72 of the Proceedings of the Imperial Academy of Sciences]. Saint-Petersburg, 1893, 130 p. (In Russian)
2. Valihanov Ch.Ch. **Sobranie sochinenij: v 5 t.** [Collected Works: in 5 volumes]. Alma-Ata, Glavnaya redakciya Kazahskoj sovetskoj e'ntsiklopedii, 1984, vol. 1, 432 p. (In Russian)
3. Munis va Ogo hij. **Firdavs ul-ikbol.** Toshkent, Yangi asr avlodi, 2010, 520 p. (In Uzbek)
4. Yakubovskij A.Yu. **Razvaliny' Sy'gnaka (Sugnaka)** [The ruins of Sygnak (Sugnakh)]. *Soobshheniya Gos. Akademii istorii materialnoj kultury'*, Leningrad, 1929, vol. 2, pp. 123–159. (In Russian)
5. Bartold V.V. **Dvenadcat' lekciij po istorii tureckih narodov Srednej Azii** [Twelve lectures on the history of the Turkic peoples of Central Asia]. Moscow, Izdatel'stvo vostochnoj literatury', 1968, vol. 5, 758 p. (In Russian)
6. Gumilev L.N. **Sochineniya: Ty'syacheletie vokrug Kaspiya** [Works: a millennium around the Caspian]. Moscow, Di-Dik, 1998, 592 p. (In Russian)
7. Komekov B.E. **Uly dala orkenietinin kundulyktary turaly** [On the values of the great steppe civilization]. *XXI gasyryndagy ul'tytk tarihi sana zhane kogamnyn zhangyruy: resp. gyl.-prakt. konf. Materialdary*, Almaty, 2019, pp. 4–7. (In Kazakh)
8. Komekov B.E. **Tarihymyz – tungiuuk** [Our history is profound]. *Egemen Kazahstan*, 2015, no. 192 (8 kasan), 9 p., available at: <https://egemen.kz/article/180496-alemdik-orkeniet-qalyptasuyn-daghy-uly-dalany-nh-alatyn-orny> (accessed 21 January 2026). (In Kazakh)
9. Mamyrbekova G., Sejtbeкова A. **Abilgazy bahadur khannyn Turki shezhiresinin tezaurus sozdigi** [Thesaurus dictionary of Abu al-Ghazi Bahadur Khan's "Shajara-i Tarākima"]. Almaty, Firma Ornak, 2013, 480 p. (In Kazakh)

10. **Kazak sozdigi (Kazak tilinin birtomdyk ulken tusindirme sozdigi)** [Kazakh dictionary (Large one-volume explanatory dictionary of the Kazakh language)]. Almaty, Daur baspasy, 2013, 1488 p. (In Kazakh)
11. **Kononov A.N. Rodoslovnaya turkmen: sochinenie Abu-I-Gazi hana hivinskogo** [Genealogy of the Turkmens: the work of Abu al-Ghazi Khan of Khiva]. Moscow, Leningrad, Izdatel'stvo AN SSSR, 1958, 285 p. (In Russian)
12. **Durmuş İ. Türk kültür çevresinde at** [The horse in the Turkish cultural environment]. *Asya Araştırmaları Uluslararası Sosyal Bilimler Dergisi*, 2021, vol. 5, no. 1, pp.1–12. Available at: <https://dergipark.org.tr/tr/pub/asyar/article/941118> (accessed 21 January 2026). (In Turkish)
13. **Ozkul K. The Horse in Turkish Mythology, Ahal-teke and Hyotherapy Methods** [The Horse in Turkish Mythology, Ahal-Teke and Hyotherapy Methods]. *Insan ve Sosyal Bilimler Dergisi*, 2025, 8(1), pp.1–25. Available at: <https://dergipark.org.tr/tr/pub/johass/article/1591641> (accessed 21 January 2026). (In Turkish)
14. **Agadzhanov S.G. Ocherki istorii oguzov i turkmen Srednej Azii IX–XIII vv.** [Essays on the history of the Oghuz and Turkmens of Central Asia (9th–13th centuries)]. Ashkhabad, 1969, 297 p. (In Russian)
15. **Tashkaraeva A.M., Abdykulova G., Smakhanova J.S. Continuity of traditions in the spiritual culture of Turkic peoples in medieval states (according to Shajara-i Tarakime data).** *Bulletin of the Karaganda University. History. Philosophy Series*, 2024, vol. 29, no. 1 (113), pp. 104–110. <https://doi.org/10.31489/2024hph1/104-110>.
16. **Kahya H. The ethnocultural and sociological analysis of migrations documented in Shajara-i Tarākima (Turkmen genealogy).** *Humanities and Social Sciences Communications*, 2024, vol. 11, art. 638. <https://doi.org/10.1057/s41599-024-03148-5>.
17. **Tashkaraeva A.M., Aldibaeva A.B. Shezhire-i Tarakime shygarmasyndagy ortagasyrlyk memleketterge katysty zher-su derekterinin berilui** [Representation of geographical data related to medieval states in the work “Shajara-i Tarākima”]. *Karagandy universitetinin habarshysy. Tarikh. Filosofiya seriyasy*, 2024, vol. 29, no. 2 (114). <https://doi.org/10.31489/2024HPh2/174-186>. (In Kazakh)
18. **Komekov B.E., Tashkaraeva A.M. Shezhire-i Tarakime shygarmasyndagy auyzsha tarikh dasturi: derektemelik taldau zhane tapsirleu maseleleri** [The oral history tradition in the work Shajara-i Tarākima: issues of source analysis and interpretation]. *edu.e-history.kz elektronnyk gylymi zhurnaly*, 2022, no. 2 (30), pp.146–157. https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_30_2_146-157. (In Kazakh)

Автор туралы мәліметтер:

*Ташқараева Әсел Мұхтарқызы** – PhD, сеньор-лектор, Ғылым бөлімінің жетекшісі, Қазақ ұлттық спорт университеті, Қазақстан Республикасы, 010000 Астана қ., Кabanбай батыр көш., 58Б, тел.: 87051211308, e-mail: assel_muxtarovna@mail.ru.

*Ташқараева Асель Мухтаровна** – PhD, сеньор-лектор, руководитель отдела науки, Казахский национальный университет спорта, Республика Казахстан, 010000, г. Астана, ул. Кabanбай батыра, 58 Б, тел.: 87051211308, e-mail: assel_muxtarovna@mail.ru.

*Tashkarayeva Assel Mukhtarovna** – PhD, Senior Lecturer, Head of the Research Department, Kazakh National University of Sport, Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, 58B Kabanbay Batyr Str., tel.: 87051211308, e-mail: assel_muxtarovna@mail.ru.